

Техникалық сипаттама

(ЛОТ № 14)

№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	FISH диагностикасына арналған денатурация және гибридизация жүйесі	Бір уақытта өңделетін заттық әйнектердің жалпы сыйымдылығы – кемінде 12 дана Құрылғы жадына сақталатын бағдарламалар саны – кемінде 40 Бағдарламалық опциялар: Денатурация және гибридизация режимі – бар Тек гибридизация режимі – бар Тұрақты температура режимі – бар Денатурация режимінің параметрлері: Температура – кемінде 99 °C Уақыты – кемінде 30 минут Гибридизация режимінің параметрлері: Температура – кемінде 70 °C Уақыты – кемінде 99 сағат Тұрақты температура режимінің параметрлері: Температура – кемінде 99 °C Уақыты – кемінде 99 сағат Температура тұрақтылығы және уақыттық сипаттамалар: Белгіленген температураны сақтау тұрақтылығы – ± 1 °C аспайды 37 °C-тан 95 °C-қа дейін қыздыру уақыты – 3 минуттан аспайды 95 °C-тан 45 °C-қа дейін салқындату уақыты – 6 минуттан аспайды Кез келген бағдарлама орындалғаннан кейін 37 °C температурасын сақтау – сәйкес келеді Қосымша функциялар мен элементтер: Қақпақтың ішкі бетінде ылғалдылықты бақылау жолағына арналған ойықтар – бар Ылғалдылықты бақылау жолақтары – кемінде 2 дана Қақпақ герметикалық ылғалды камераны қамтамасыз етеді – сәйкес келеді Қақпаққа арналған тығыздағыш төсем – бар Бағдарламалау пернетақтасы – бар Пернетақта пернелерінің саны – кемінде 15 Құрылғының ағымдағы күйін және бағдарламаларын көрсетуге арналған экран – бар Бөлгіші бар алынбалы әйнек ұстағыш – бар	1
	Барлығы		1

Академиялық мәселелер вице-ректоры



Э.Идрисова



ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны және жеткізу шарттары

Тауардың құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ жеткізуді жүзеге асырумен байланысты барлық ықтимал төлемдерді, баж салығын, көлік және өзге де шығындарды қамти отырып, сатып алушының қоймасына дейін жеткізу шартымен көрсетіледі. Егер жеткізілетін тауардың ерекшелігі қосымша жұмыстар мен қызметтерді жүргізуді талап етсе, тауардың құнына міндетті түрде барлық қажетті қызметтер, соның ішінде монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары және тапсырыс беруші персоналын пайдалану және қызмет көрсету ережелеріне оқыту қызметтері енгізілуі тиіс.

Сәйкестік және тауар сапасы

Жеткізуші жеткізілетін тауарды Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және оған кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтік талаптарға толық сәйкес келуі, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өтуі тиіс. Аталған талаптардың сақталғаны тиісті құжаттармен расталуы қажет. Жеткізілетін тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс.

Кепілдік міндеттемелер

Жеткізілетін тауарға кепілдік мерзімі оны пайдалануға берген күннен бастап кемінде 12 (он екі) айды құрауы тиіс.

Төлем шарттары және аванстық төлем

Аванстық төлемнің мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 50 %-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Сатып алушы жеткізушіден аванстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Жеткізу мерзімі

Тауар келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жеткізілуі тиіс.